

Евразийский национальный университет  
им. Л.Н. Гумилева  
Экономический факультет  
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа  
и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за  
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

17 сәуір 2020 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ  
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

**PROCEEDINGS**

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE  
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11  
ББК 65.261

### Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.  
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.  
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.  
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев  
А. А.  
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,  
Джондельбаева А.  
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.  
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.  
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского  
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.  
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.  
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический  
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.  
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-  
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

**«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі»** халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

**Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики:** Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economyformation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11  
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

2. Краткая информация об исполнении федерального бюджета (млрд. руб). [Электронный ресурс] / Министерство финансов Российской Федерации. – Режим доступа : [https://www.minfin.ru/ru/statistics/fedbud/execute/?id\\_65=80041-yezhegodnaya\\_informatsiya\\_ob\\_ispolnenii\\_federalnogo\\_byudzheta\\_dannye\\_s\\_1\\_yanv\\_arya\\_2006\\_g](https://www.minfin.ru/ru/statistics/fedbud/execute/?id_65=80041-yezhegodnaya_informatsiya_ob_ispolnenii_federalnogo_byudzheta_dannye_s_1_yanv_arya_2006_g).

3. Рощупкина В.В. Методические основы прогнозирования налогового потенциала региона /В.В. Рощупкина // Финансовая аналитика: проблемы и решения. – 2013. – № 30 (168). – С. 27–32.

## **ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА» ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ**

***Каирова Г.М.***

«6M052100 - Мемлекеттік аудит» БББ 2-курс магистранты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,  
Қазақстан Республикасы  
E-mail: [kairovagulzat@mail.ru](mailto:kairovagulzat@mail.ru)

***Дербисова Ж.М.***

«6D052100 - Мемлекеттік аудит» БББ 2-курс PhD докторанты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,  
Қазақстан Республикасы  
E-mail: [derbiszhaina86@gmail.com](mailto:derbiszhaina86@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі: ***Алибекова Б.А.***, э.ғ.к., доцент

**Аннотация.** Қазіргі таңда мемлекеттік аудит органдарындағы процестерді цифрландыру өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Мақалада «цифрлық экономиканың» әлеуметтік-экономикалық маңызын ескере отырып, белгілі зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасай келе оның мемлекеттік сектор қызметіне әсері талданды. Әлемдік цифрлық экономиканы дамытушы көшбасшы елдердің үздік тәжірибелерін зерттеу – еліміздің мемлекеттік аудит органдарының қызметін цифрландыру жолдарының бірі және бірегейі. Мемлекеттік органдар қызметін цифрландырудың айрықша моделін қалыптастырып келе жатқан Дания және Польша сияқты елдердің тәжірибесі зерделене келе мемлекеттік аудит саласында цифрландырудың әлемдік жағдайы мен бүгінгі Қазақстандағы ахуал салыстырылды. Дания және Польша елдерінің жоғарғы қаржылық бақылау органдарының қызмет бағыты, құрылымы талданып қана қоймай, цифрландыруда орын алып жатқан жетістіктері, мемлекетпен стратегиялық реттелуі зерттелді. Сондай-ақ, мемлекеттік аудит органдарын цифрландыру процесінде туындайтын қиындықтар мен мәселелер жоғарыда аталған мемлекеттер тәжірибесінде қарастырылды.

**Кілттік сөздер:** цифрландыру, цифрлық экономика, мемлекеттік аудит,

әлемдік тәжірибе, ақпараттық технология

**Аннотация.** В настоящее время одной из актуальных проблем является цифровизация процессов в органах государственного аудита. Учитывая социально-экономическое значение «цифровой экономики», было проанализировано его влияние на деятельность государственного сектора. Изучение лучшего опыта стран-лидеров, развивающих мировую цифровую экономику, является одним из уникальных способов цифровизации деятельности органов государственного аудита страны. Изучив опыт таких стран, как Дания и Польша, которые формируют уникальную модель цифровизации деятельности государственных органов, проведено сравнение мировой ситуации цифровизации в сфере государственного аудита с ситуацией в Казахстане сегодня. Были проанализированы не только направления деятельности, структура высших органов финансового контроля Дании и Польши, но и изучены достижения в цифровизации, стратегическое регулирование государства. Также были рассмотрены трудности и проблемы, возникающие в процессе цифровизации органов государственного аудита, в практике вышеназванных государств.

**Annotation.** Currently, one of the actual problems is the digitization of processes in the state audit bodies. Taking into account the socio-economic significance of the "digital economy", its impact on the activities of the public sector was analyzed. Studying the best practices of leading countries that are developing the global digital economy is one of the unique ways to digitalize the activities of the country's state audit bodies. Having studied the experience of countries such as Denmark and Poland, which form a unique model of digitalization of public authorities, we compared the global situation of digitalization in the field of public audit and the situation in Kazakhstan today. They analyzed not only the areas of activity and the structure of the Supreme financial control bodies of the countries of Denmark and Poland, but also studied the achievements in digitalization and strategic regulation of the state. They also discussed the difficulties and problems that arise in the process of digitalization of state audit bodies in the practice of the above-mentioned States.

Әлемдегі жоғары қаржылық бақылау органдары бүкіл ғаламдық тенденциялармен бірге жаңарып отырған жағдайда ғана демократиялық институттар ретінде өз рөлін сақтай алады. Заман ағымымен жүру үшін әлем елдері бір-біріне мұқтаж. Сондықтан да, әлемдік тенденцияларды қалыптастырып келе жатқан елдердің тәжірибесін зерттеп қана қоймай, күн сайын жаңарып отыратын қоғам талаптарына бейімделу үшін мемлекет деңгейінде сол тәжірибені өз елімізде қолдану маңызды орынға ие.

Қоғамдық өмірдің барлық үдерістерін цифрландыру адам өркениеті дамуының қазіргі кезеңінің шынайы құбылысына айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жаппай енгізу барлық елдердің ұлттық экономикаларын дамытудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады. Цифрлық экономиканың қарқынды даму процесін ескере отырып,

қазіргі әдебиетте оның көптеген анықтамаларының болуы таң қаларлық емес. Бұл терминді алғаш рет 1995 жылы Д.Тапскотт ұсынған [1]. Цифрлық экономика деп, «Ақпараттық қоғам және жаңа экономика» сөздігі бойынша – цифрлық коммуникация негізінде пайда болатын экономиканы [2], ал Оксфорд сөздігі бойынша – цифрлық технологияларды, әсіресе интернетті пайдалану арқылы жүзеге асырылатын электрондық транзакцияларды қолдана отырып, жұмыс істейтін экономиканы атайды [3]. БҰҰ сауда және даму жөніндегі комиссиясы (ЮНКТАД) тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін Интернет негізінде цифрлық технологияларды пайдалану – цифрлық экономика деп түсінеді [4]. Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулысына сәйкес, цифрлық экономика – өндірісті оңтайландыру, бөлу, алмастыру, қолдану және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру мақсатында электрондық технологияларды, электрондық инфрақұрылымды және қызметтерді, үлкен көлемді деректерді талдау технологиясын пайдалану кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы деген анықтама ұсынылған [5].

Әлем елдерінің ұлттық шаруашылықтарын цифрландыру деңгейі өте әртүрлі. Цифрландырудың шетелдік тәжірибесін талдау үшін олардың осы саладағы жеткен жетістіктері талданатын критерийлерге байланысты әртүрлі бағалануы мүмкін. Дегенмен, цифрлық экономиканы дамытуда көшбасшылар тобы қалыптасты деп айтуға болады. Оның дәлелі әлемдік ұйымдардың зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасқан рейтингтер. Біздің жүргізген зерттеулеріміз әлемде цифрландыру деңгейі жоғары елдерді анықтап берді. Дүниежүзілік экономикалық форумының менеджмент жоғары мектебінің, Корнелль университетінің және INSEAD бизнес-мектебінің бірлескен зерттеу нәтижелеріне сәйкес, АКТ-ны енгізуде Сингапур үлкен жетістіктермен ерекшеленеді, ал жетекші елдердің ондығына Финляндия, Швеция, Норвегия, АҚШ, Нидерланды, Швейцария, Ұлыбритания, Люксембург және Жапония кіреді [6]. Испандық BBVA банкі жүргізген зерттеуге сәйкес, бірінші ондыққа Люксембург, Ұлыбритания, Гонконг, АҚШ, Нидерланды, Жапония, Сингапур, Норвегия, Финляндия және Швеция кіреді [7].

Дегенмен, мемлекеттік секторды цифрландырудың айрықша моделін қалыптастырып, көш бастап келе жатқан Дания мемлекеті. Оған әлемдік маңызы бар халықаралық рейтингтің көрсеткіштері дәлел. 2018 жылы БҰҰ-ның жүргізген зерттеуінің нәтижесінде, Үкіметтің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға дайындығын және қабілетін өлшейтін құрамдас индикатор, яғни электрондық үкіметті дамытудың ең үлкен индексі (e-Government Development Index, EGDI) Дания мемлекетінде болды. Австралия, Корея Республикасы, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия, Сингапур, Жаңа Зеландия, Франция, Жапония сияқты мемлекеттерде де индекс өте жоғары көрсеткішті көрсетті. Рейтинг бойынша Қазақстан 2016 жылы 33 орында болса, 2018 жылы 39 орынға түскен [8].

Ғылыми жарияланымдарды зерттеу нәтижесінде, қазіргі таңда

«мемлекеттің өзін-өзі цифрландыруы» жаһандық тренді бірқатар елдерде орын тауып жатқанын байқадық. Өзін-өзі цифрландыру – мемлекет пен мемлекеттік компаниялардың операцияларын цифрландыру арқылы экономикадағы игіліктерді құруды, тұрмыс-жағдайдың артуын, кәсіпкерлікті және күнделікті өмірде елеулі орынға ие болуға бағытталған кез-келген мемлекеттің іске асыруы керек міндет. Осы міндетті бүгінгі таңда үздік, әрі сәтті орындап жатқан Дания мемлекеті.

Дания мемлекетінің жоғарғы қаржылық бақылау жүйесі мемлекеттік шоттар жөніндегі комитеттен (Statsrevisorerne) және Бас ревизор басқармасынан (Rigsrevisionen) тұрады. Мемлекеттік шоттар жөніндегі комитет аудиторлық есептерді тексереді, ал Бас ревизор басқармасы нақты аудитті жүргізеді. Бұл екі мемлекеттік орган бір-бірімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Данияның мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мемлекеттік мекеме болып табылады, оның негізгі міндеті мемлекеттік шоттарды тексеру және мемлекеттік қорлардың Парламент шешімдеріне сәйкес басқарылатынын тексеру болып табылады [9].

Мемлекеттік шоттар жөніндегі комитеттің рөлі негізінен мемлекеттік шоттарды жүргізудің дұрыстығын тексеру, мемлекеттік қаражатты басқарудың тиімділігін бағалау және тексерілген мемлекеттік шоттарды Парламентке бекітуге ұсыну болып табылады.

Бас ревизор басқармасы Мемлекеттік шоттар бойынша комитет алдында есеп береді. Басқарма Дат Парламенті атынан аудит жүргізеді және аудиторлық тәсілді жоспарлау мен таңдауда тәуелсіз болып табылады. Бас ревизор басқармасы Дания Парламенті жанындағы тәуелсіз мекеме ретінде парламенттік жүйенің бір бөлігі болып табылады. Тексеру объектілерімен автоматтандырылған ортақ жүйеде байланысып отырады, сондай-ақ, керекті ақпаратты сол базадан сұрата алады.

Данияның мемлекеттік секторды цифрландыруда озық тәжірибе көрсетіп келе жатқанның тағы бір себебі – мемлекетпен стратегиялық реттелуі. Жалпы мемлекеттің атқарып жатқан жұмыстарымен қатар, салалық жобалар мен муниципалды және аймақтық бірлескен цифрландыру стратегиялары бар. Мемлекеттік секторды цифрландыру бойынша жұмыстарға осындай қатынас жалпы стратегиялық мақсаттар мен жергілікті басым мәселелер арасындағы балансты қамтамасыз етеді. 2016-2020 жылдарға арналған «Одан да күшті және одан да қауіпсіз цифрлық Дания» деп аталатын цифрлық стратегиясының арқасында Дания цифрлық мемлекеттік басқару мен электрондық қызметтерді дамытуды сәтті жүргізуде [10].

Дания мемлекетінің цифрландыру стратегияларын зерттеу нәтижесінде, үздіксіз модернизациялау цифрландырудың бірден бір шарты екенін байқадық. Данияда цифрлық мемлекеттік сектор жүйесін үнемі жетілдіру мен оған бейімделіп отыру технологиялар мен қоғамның дамуымен байланысты. Сондай-ақ, мемлекеттік басқарушы органдар бір жүйеде қамтылып, цифрландыру барлық органдарда белгілі бір тәртіппен жүргізілуі тиіс. Бүгінгі күні мемлекеттік органдар әлі күнге дейін ақпараттарды әр түрлі жолмен

сақтайтындықтан, мемлекеттік органдар арасында, әсіресе, қаржылық бақылау органдарына бірқатар қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде органдар арасындағы серіктестікті күрделендіреді. Осы жағдай әлемнің басқа елдеріндегі секілді, Данияда да шешімін табу керек мәселе.

Кез келген жоғары қаржылық бақылау органы секілді, Данияда да мемлекеттік сатып алу процесі жіті тексеретін сала болып табылады. Әрине, дат елі бұл процесті де оңтайландыру жолын қарастырған. EProcurement сатып алу порталы мемлекеттік және жеке жабдықтаушыларға тендерлік қызметтерді ұсынудағы барлық ақпаратты қамтиды. Порталдың мақсаты мемлекеттік қызметтерді тиімді ілгерілету құралы ретінде тендердің сапалы, әрі әділ жүргізілуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, Дания мемлекеті Швеция, Норвегия, Исландия және Финляндия сияқты елдер тобының арасында Электрондық сатып алу үшін ортақ платформаның құрылуында белсенді позиция танытуда [11].

Біздің елде де мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесі қалыптасуда. Goszakur.gov.kz – бұл мемлекеттік сатып алуды нақты уақыт режимінде өткізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік ақпараттық жүйе. Портал тапсырыс берушілермен мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі барлық процедураларды реттейді [12].

Дания – халқы мен кәсіпорындары сапалы цифрлық құзыреттілікке ие және цифрлық технологияларға баса назар аударатын мемлекет. Электрондық үкіметтің заманауи және сенімді негізін құруда үлкен жолды жүріп өткен ел ретінде көптеген елдерге тәжірибесі үлгі. Дания мемлекетінде цифрлық пошта жәшігі, әкімшілік процедураларды онлайн өз-өзіне қызмет көрсету, салық қызметтерін цифрландыру (SKAT), медициналық қызметті цифрлық басқару, білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістерді кейбір адамдар мен кәсіпорындар оңай, әрі тез қабылдаса, кейбіреулеріне мәселелерді шешудің жаңа әдістеріне бейімделуіне уақыт қажет болды. Цифрландыру саясатында адами капиталды қайта бейімдеу күрделі, әрі уақытты талап ететін процесс. Бұл тұста, Дания халыққа және мемлекеттік органдар қызметкерлеріне барынша түсінікті, әрі қарапайым цифрландыру шешімдерін қабылдады. Ал, қаржылық бақылау органдарының қызметін цифрландырудағы адами капитал мәселелеріне келетін болсақ, мемлекеттік аудит органдарында технологияны жетік меңгерген кадрларды дайындауға көп көңіл бөлінеді және оқыту немесе қайта даярлау іс-шаралары жиі болып тұрады.

Дания тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит органдарының өзара қарым-қатынасы цифрлық технологияларға көшу үшін ортақ шешімдер табуға ықпалын тигізеді және мемлекеттің цифрлық күшті, әрі қауіпсіз негізін қалыптастыруға септігін тигізеді. Сондықтан да, елдегі мемлекеттік органдар арасындағы жалпы интеграцияны қалыптастыру керек.

Даниядағы мемлекеттік аудит органдарының қызметін цифрландыруға қойылатын талаптардың бірі – цифрлық шешімдер пайдалануға оңай, жылдам, әрі жоғары сапаны қамтамасыз ету керек. Аудит жүргізу барысында

аудиторларға шынайы жұмыс ауқымының азаюына, алайда оның сапасының өзгермеуіне кепілдік берілуі тиіс. Мемлекеттік органдардың бірыңғай ақпараттар базасын құру ынтымақты және тиімді мемлекеттік сектордың қалыптасуына серпін береді. Бір мемлекеттік органның ІТ-жүйесін басқа орган түсініп, ақпараттарын пайдалана алу үшін ортақ негізгі ІТ-жүйе қалыптасуы керек.

Мемлекеттік аудитті цифрландыруда қауіпсіздік пен сенімділік әрқашан назардың ортасында болуы шарт. Ел басшысының мемлекеттік аудит органдары жұмысының адалдығына сенімділігі цифрлық қоғамда арта түспесе, кемімейді. Сондықтан да, Данияда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында барлық басқарушы органдар ISO27001 ақпараттық қауіпсіздіктің халықаралық стандартында айқындалған қағидаларды сақтауға міндетті [10].

Қазақстанмен бір алпауыт державаның құрамында болған, Шығыс Еуропадағы тарихымыз сабақтас ел – Польша қазіргі күнде мемлекеттік секторды цифрландыруда салиқалы саясаты бар дамушы мемлекет. Жоғары бақылау палатасы (Najwyższa Izba Kontroli (NIK)) қоғамға қамқоршылық миссиясы бар, мемлекеттік бақылаудың жоғары және тәуелсіз органы болып табылады. Палата 100 жыл бойы мемлекеттің қаражатының іске асырылуына және мемлекеттік қорларды басқаруға баға беріп келеді [13].

Польшаның Жоғары бақылау палатасы мемлекеттік бақылаудың жоғары органы ретінде Үкімет пен бүкіл қоғам үшін пайдалы ақпарат көзі болуға қабілетті қорытындылар жасау өз міндеті деп көреді. Польшада аудиторлар жұмыс уақытының көп бөлігін жергілікті жерлерде (олар тексеретін ұйымдарда) өткізетіндіктен, олардың NIK телекоммуникациялық жүйелеріне тұрақты және қауіпсіз қол жеткізе алуы өте маңызды. Бұл қажеттілік «Мобильді аудитор» (Mobilny Kontroler) жобасын қалыптастырды. Барлық аудиторларды ұялы телефондармен және модемдермен жабдықтау портативті компьютерлерге деректерді беру мүмкіндігі «Мобильді аудиторға» Жоғары бақылау палатасының ішкі ресурстарына қосылуға және ақпараттарды штаб-пәтерге жіберуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аудиторларға мекеменің аудит тарихына, өткен қорытындылар туралы ақпаратқа және ұсынымдардың орындалғаны туралы ақпаратқа қашықтан қол жеткізе алады.

«Мобильді аудитор» Польшаның қолданыстағы заңдар туралы, сондай-ақ жоғары ревизиялық басқарудың ішкі ережелері туралы толық ақпаратты қамтитын мәліметтер базасына қол жеткізе алады. Мобильді компьютерлерде орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету аудиторларға аудитті жүргізу кезінде негізгі құжаттарды еркін өңдеуге және генерациялауға мүмкіндік береді. Мобильді телефондар мен мобильді интернеттің арқасында аудитке қатысушы тұлғалар бір-бірімен, сондай-ақ олардың жұмысын бақылайтын координаторлармен тұрақты және үздіксіз байланыста бола алады. Жобаның тағы бір маңызды артықшылығы – ол телефон байланыстарының шығындарын қысқартады [14].

Бастапқыда Польшадағы «электрондық үкімет аудитінің бақылау кеңістігі» атты жоба (Control Space for e-Government Audit project, The CUBE)



мемлекеттік электрондық құжат айналымы жүйесінің аудитін күшейту бойынша шара ретінде ойластырылған болатын. Ал қазіргі уақытта ол ЖҚБО қорытындыларының деректер базасын неғұрлым тиімді пайдалану үшін презентация және талдау құралдарын әзірлеуді мақсат етіп қояды [15].

Eurosaі-дың Ақпараттық технологиялар жөніндегі жұмыс тобының Cube кіші тобы жоғары қаржылық бақылау органдарының корпоративтік желіде жарияланатын аудиторлық қорытындыларынан пайдалы білім алудың жана мүмкіндіктері мен құралдарын зерттейді. Cube жасаған маңызды әзірлемелердің бірі – нақты мәселелер, көрсеткіштер мен қызметтерге қатысты аудиторлық есептерді карауға мүмкіндік беретін ыңғайлы және тиімді іздеу жүйесі болды. Ол сондай-ақ, белгілі бір салалардағы аудитке байланысты тәуекелдер тізімін береді, геокеңістіктік ақпаратты ұсынады және графикалық талдау элементтерін қамтиды.

«Аудитті жақсы жүргізу үшін жақсы жоспарлаңыз» -дейді Польша Жоғары бақылау палата төрағасы. Шынымен де, кез келген жұмыс сапалы жоспардан басталады. Бүгінде еліміздің Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті жоспарлауды жетілдіру үшін Кайдзен стиліндегі мемлекеттік қызметті қалыптастыруда [16]. Жапон тілінде «кайдзен» деген сөз «үздіксіз жетілдіру» дегенді білдіреді. Кайдзен философиясының мақсаты – жіберілетін қателіктердің санын азайту, тиімді жоспарлау негізінде басым бағыттағы жұмысты таңдау, ықтимал шығындарды азайту, кәсіби кадрларды дайындау және шығарылатын өнімнің сапасын мінсіз деңгейге жеткізу. Бұл философия кәсіпкерлікте де, мемлекеттік қызметте де, жеке адамның өз өмірін жоспарлауда да қолдануға болатын әмбебап тәжірибе. Кайдзен және цифрландыру мақсаттары бір бағытта өрбіген идеологиялар. Мемлекеттік аудитті жүйелендіріп, жетілдіретін Кайдзен тәжірибесінің құралдарын енгізу – тиімді автоматтандыру мен цифрландыру жолындағы нақты қадам [17]. Осылайша, қаржылық бақылау органдарының қызметін цифрландырудың шетелдік тәжірибесін зерттеу барысында, аудит жүргізу процесінің тиімділігін арттыратын тың әдістер де назардан тыс қалмады. Жүргізілген зерттеу нәтижелерінің салыстырмасы төменде 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. ЖҚБО-ның цифрландыру құралдары

Мемлекет	Дания	Польша	Қазақстан
ЖҚБО	Мемлекеттік шоттар жөніндегі комитет (Statsrevisororne), Бас ревизор басқармасы (Rigsrevisionen)	Жоғары бақылау палатасы	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті
Оператор	EProcurement SKAT	Mobilny Kontroler	«e-Minfin», Есеп комитетінің және тексеру

			комиссияларының интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
Құралдар	Салық қызметін цифрландыруды реттеу; Электронды сатып алу үшін ортақ платформа құру. Адам капиталына білім беру.	Мемлекеттік аудиттің цифрлық дамуын қолдау; Мемлекеттік аудиторлардың технологияларды қолдануда қолдау көрсету.	Мемлекеттің аудит объектілерін анықтау; Бақылау-сараптамалық қызметінің жеделдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету.
Ескерту – ЖҚБО ресми сайт ақпараттарының негізінде автормен құрылған			

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда заманауи цифрлық технологияларды пайдаланбай, жаһандық сын-кәтерлерді еңсеру мүмкін емес. Сондықтан да, бүкіл әлемдегі жоғары аудит органдарының басты стратегиялық міндеттерінің бірі деп өзінің операциялық қызметі үдерістерін автоматтандыруды ғана емес, тұтастай алғанда мемлекеттік басқарудың барлық жүйесін цифрландыруға жәрдемдесуді санайды.

### Әдебиеттер

1. The Digital Economy. Электрондық ресурс. Дон Тапскотт, 1995 ж., <http://dontapscott.com/books/the-digital-economy/>. 10.12.2017
2. Ақпараттық қоғам және жаңа экономика бойынша түсіндірме сөздік. 2007. [http://information\\_society.academic.ru/Цифровая\\_экономика\\_DIGITAL\\_ECONOMY](http://information_society.academic.ru/Цифровая_экономика_DIGITAL_ECONOMY)
3. Oxford Living Dictionaries. [https://en.oxforddictionaries.com/definition/digital\\_economy](https://en.oxforddictionaries.com/definition/digital_economy)
4. World Investment Report 2017 - UNCTAD [https://unctad.org/en/PublicationsLibrary/wir2017\\_en.pdf](https://unctad.org/en/PublicationsLibrary/wir2017_en.pdf)
5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
6. Ақпараттық технологиялар бойынша жаһандық есеп. 2016. <http://reports.weforum.org/global-information-technology-report-2016/>
7. DiGiX: The Digitization Index Noelia Cámara and David Tuesta. 2017. [https://www.bbvaresearch.com/wp-content/uploads/2017/02/WP\\_1703\\_DiGiX\\_methodology.pdf](https://www.bbvaresearch.com/wp-content/uploads/2017/02/WP_1703_DiGiX_methodology.pdf)
8. I Халықаралық рейтингі. <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2018>
9. Мемлекеттік шоттар жөніндегі комитеттің ресми сайты. (Statsrevisorerne) <https://www.ft.dk/da/statsrevisorerne/statsrevisorerne-og-rigsrevisionen>
10. A STRONGER AND MORE SECURE DIGITAL DENMARK Digital

- Strategy 2016-2020 The Government/Local Government Denmark/Danish Regions.  
[https://digst.dk/media/16165/ds\\_singlepage\\_uk\\_web.pdf](https://digst.dk/media/16165/ds_singlepage_uk_web.pdf)
11. «eGovernment in Denmark» Еуропалық комиссияның журналы. 2015. - 2016.  
[https://joinup.ec.europa.eu/sites/default/files/document/201503/egov\\_in\\_denmark\\_-\\_january\\_2015\\_-\\_v\\_17\\_0\\_final.pdf](https://joinup.ec.europa.eu/sites/default/files/document/201503/egov_in_denmark_-_january_2015_-_v_17_0_final.pdf)
12. Мемлекеттік сатып алу порталы.  
- [https://egov.kz/cms/kk/articles/procurement\\_portal](https://egov.kz/cms/kk/articles/procurement_portal)
13. Польшаның Жоғарғы бақылау палатасының ресми сайты. (Najwyższa Izba Kontroli (NIK) - <https://www.nik.gov.pl/en/>
14. «EUROSAI инновациялары. Жоғары аудиторлық мекемелер арасында озық тәжірибе алмасу» журналы. EUROSAI: наурыз, 2013. - 186.-  
<https://www.nik.gov.pl/plik/id,4812,vp,6255.pdf>
15. «EUROSAI IT Working group» EUROSAI IT жұмыс тобының ресми сайты. <https://egov.nik.gov.pl>
16. Кайдзен стиліндегі мемлекеттік қызмет. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми сайты. - <http://www.esep.kz/kz/about/news/kaydzen-stilindegi-memlekettik-ymet.html>
17. Как Казахстан переживает «цифровую трансформацию». Курсив. қараша, 2018 ж. - <https://kursiv.kz/news/hi-tech/2018-11/kak-kazakhstan-perezhivaet-cifrovuyu-transformaciyu>

## **ВНЕШНИЕ ЭЛЕМЕНТЫ МЕХАНИЗМА РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ПО ФИНАНСИРОВАНИЮ ИННОВАЦИОННОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА**

*Калкабаева Г.М.*

кандидат экономических наук, доцент

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г. Караганда,  
Республика Казахстан

e-mail: [aisanatazhbaeva@mail.ru](mailto:aisanatazhbaeva@mail.ru)

**Аннотация.** Мақалада Қазақстанның инновациялық секторын қаржыландырумен және несие берумен айналысатын қаржы ұйымдарының қызметін реттеу тетіктерінің негізгі сыртқы элементтері қарастырылады. Қаржы және инновациялық секторлары субъектілерінің мүдделері, елдің инновациялық саясатының басым бағыттары, инновацияның институционалды инфрақұрылымы және ақпараттық қолдауды қоса алғанда, сыртқы реттеу элементтерінің құрамы жүйелендірілген. Инновациялық компаниялар мен қаржы ұйымдарының тиімді өзара іс-қимылына кедергі келтіретін сыртқы реттеу элементтерін қалыптастыру, жұмыс істеу және іске асырудағы негізгі проблемалар анықталды. Инвестициялық процесстегі салааралық мүдделерді оңтайлы үйлестірудің заманауи бағыттары және оны іске асырудағы мемлекеттік құрылымдардың ынталандырушы рөлі көрсетілген. Академиялық